


Сериясы 77-80H/00-80H

Ауа клапаны

Пайдалану нұсқаулығы (А ред.)



БҰЛ НҰСҚАУЛАРДА ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ/ОПЕРАТОРДЫҢ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ СТАНДАРТТЫ РӘСІМДЕРІНЕ ҚОСЫМША НАҚТЫ ЖОБА БОЙЫНША ТАПСЫРЫС БЕРУШІГЕ/ОПЕРАТОРҒА АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚАМТЫЛҒАН. ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚАҒИДАТТАРЫ ЕРЕКШЕЛЕНЕТІНДІКТЕН, BAKER HUGHES КОМПАНИЯСЫ (ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАРЫ МЕН ФИЛИАЛДАРЫ) НАҚТЫ РӘСІМДЕРДІ ҚАТАҢ САҚТАУҒА МІНДЕТТЕМЕЙДІ, ЖЕТКІЗІЛЕТІН ЖАБДЫҚТЫҢ ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ НЕГІЗГІ ШЕКТЕУЛЕР МЕН ТАЛАПТАРДЫ ҒАНА БЕЛГІЛЕЙДІ.

ОСЫ НҰСҚАУЛАР ОПЕРАТОРЛАРДЫҢ ЫҚТИМАЛ ҚАУІПТІ ОРТАДА МЕХАНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚТЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІГІ БАР ЕКЕНІН БОЛЖАМДАЙДЫ. СОНДЫҚТАН ОСЫ НҰСҚАУЛАРДЫ АЛАҢДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН НОРМАЛАРЫ МЕН ЖӘНЕ АЛАҢДА БАСҚА ЖАБДЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЙЫЛАТЫН НАҚТЫ ТАЛАПТАР МЕН БІРГЕ ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ҚАЖЕТ.

БҰЛ НҰСҚАУЛАРДА ЖАБДЫҚ ПЕН ОНЫҢ МОДИФИКАЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ БАРЛЫҚ ТОЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР ЖОҚ ЖӘНЕ МОНТАЖДАУ, ПАЙДАЛАНУ НЕМЕСЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПРОЦЕСІНДЕ ТУЫНДАУЫ МҮМКІН БАРЛЫҚ ЫҚТИМАЛ АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЕСКЕРМЕЙДІ. ЕГЕР ҚОСЫМША АҚПАРАТ ТАЛАП ЕТІЛСЕ НЕМЕСЕ ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ/ОПЕРАТОРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ ЕСКЕРІЛЕ ОТЫРЫП, ЖЕТКІЛІКТІ ДӘРЕЖЕДЕ БАЯНДАЛМАҒАН НАҚТЫ ПРОБЛЕМАЛАР ТУЫНДАСА, ОНДА BAKER HUGHES КОМПАНИЯСЫНА ЖҮГІНУ ҚАЖЕТ.

BAKER HUGHES ЖӘНЕ ТАПСЫРЫС БЕРУШІ / ОПЕРАТОР ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖАБДЫҚТЫ ЖЕТКІЗУ КЕЛІСІМШАРТЫНЫҢ НАҚТЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ҚАТАҢ ШЕКТЕЛЕДІ. БҰЛ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ШЫҒАРУ ЖАБДЫҚҚА НЕМЕСЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАТЫСТЫ BAKER HUGHES ТАРАПЫНАН ҚОСЫМША РАСТАМАЛАР НЕМЕСЕ КЕПІЛДІКТЕР БЕРМЕЙДІ ЖӘНЕ СОНЫ БІЛДІРМЕЙДІ.

ОСЫ НҰСҚАУЛАР КӨРСЕТІЛГЕН ЖАБДЫҚТЫ ОРНАТУ, СЫНАҚТАН ӨТКІЗУ, ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ ТАПСЫРЫС БЕРУШІГЕ/ОПЕРАТОРҒА КӨМЕК РЕТІНДЕ ҒАНА ҰСЫНЫЛАДЫ. БҰЛ ҚҰЖАТТЫ BAKER HUGHES КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖАЗБАША РҰҚСАТЫНСЫЗ ТОЛЫҚ НЕМЕСЕ ІШІНАРА ҚАЙТА ШЫҒАРУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Қауіпсіздік техникасы бойынша ақпарат

Маңызды: Орнатпас бұрын, оқып шығыңыз

Бұл нұсқаулар қажет жерде қауіпсіздік техникасының шаралары туралы ескертуге немесе өзге де маңызды ақпаратты көрсетуге арналған **«ҚАУІПТІ!»**, **«НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!»** және **«АБАЙЛАҢЫЗ!»** белгілері бар. Реттеуші клапанды орнатпас бұрын және қызмет көрсетпес бұрын, нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.

«ҚАУІПТІ!» және **«НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!»** белгілерімен белгіленген қауіпті факторлар персоналдың жарақат алу ықтималдығымен байланысты. **«АБАЙЛАҢЫЗ!»** белгісімен белгіленген қауіпті факторлар жабдықтың немесе мүліктің зақымдалу ықтималдығымен байланысты. Зақымдалған жабдықты белгілі бір жұмыс жағдайында пайдалану технологиялық жүйенің өнімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл персоналдың жарақаттануына немесе өліміне әкелуі мүмкін. Жұмыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін **«ҚАУІПТІ!»**, **«НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!»** және **«АБАЙЛАҢЫЗ!»** ескерту белгілерінің талаптарын толық орындау қажет.



Бұл қауіпсіздік туралы ескерту символы. Ол жарақат алудың ықтимал қауіп бар екені туралы ескертеді. Ықтимал жарақаттың немесе кісі өлімінің алдын алу үшін осы белгіден кейінгі қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулардың барлығын орындаңыз.



Егер оның алдын алмаса, өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайдың болатынын көрсетеді.



Егер оның алдын алу мүмкін болмаса, ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайды көрсетеді.



Егер оның алдын алмаса, жеңіл немесе орташа дәрежедегі жарақатқа әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайдың болатынын көрсетеді.



Қауіп туралы ескертетін таңбасыз пайдаланған кезде, егер оның алдын алмаса, мүлікке зақым келуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайдың болатынын көрсетеді.

Ескертпе. Маңызды фактілер мен шарттарды

көрсетеді.

Осы нұсқаулық туралы

- Осы нұсқаулықта берілген ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- Осы нұсқаулықтағы ақпаратты толығымен немесе ішінара Baker Hughes компаниясының жазбаша рұқсатынсыз жаңғыртуға немесе көшіруге болмайды.
- Осы нұсқаулықтағы ақпарат бойынша кез келген қателер немесе сұрақтар туралы жергілікті жеткізушіге хабарлаңыз.
- Бұл нұсқаулар 77-80H/00-80H модельдері үшін арнайы жасалған және осы бұйым желісіне кірмейтін басқа клапандарға қолданылмайды.
- Бұл нұсқаулар біздің клапанды басқару жүйесімен (соның ішінде сұйықтық деңгейінің көрсеткіші) жұмыс істейтін 77-80H/00-80H модельдеріне қолданылады. Жабдықты басқа жүйелер үшін пайдаланған жағдайда, жүйені жасаушылар немесе жүйелердің техникалық сипаттамаларын анықтайтын адамдар жабдықтың қолданылуын бағалауы керек.

Кепілдік

Егер аталған бұйымдар Baker Hughes компаниясы ұсынған қолдану тәсілдеріне сәйкес пайдаланылса,

Baker Hughes компаниясы сататын бұйымдардың жөнелтілген күннен бастап бір жыл бойы материалдары мен дайындалуында ақаулар болмайтынына кепілдік беріледі. Baker Hughes компаниясы алдын ала ескертусіз кез келген бұйым өндірісін тоқтатуға немесе бұйымның материалын, конструкциясын немесе техникалық сипаттамасын өзгертуге құқылы.

Ескертпе. Орнатар алдында Клапанды тиісті дайындықтан өткен білікті және құзыретті мамандар орнатуы, пайдалануға беруі, қызмет көрсетуі керек. Жүйеден технологиялық ортаның ағынымен бірге ағып келген барлық ластағыш заттарды кетіру үшін барлық қоршаған құбырларды жақсылап жуу керек. Белгілі бір жұмыс жағдайында зақымдалған жабдықты пайдалану жүйе жұмысының төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін. Техникалық сипаттамалардағы, құрылымдардағы және пайдаланылатын компоненттердегі өзгерістер, егер бұл өзгерістер өнімнің функциялары мен сипаттамаларына әсер етпесе, осы нұсқаулықты қайта қарауға әкелмейді.

■ Сақтау

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жабдықты оған жаңбыр суының түсуінен қорғалған орындарда сақтаңыз.
- Жабдықты соққы әсері болмайтын діріл барынша аз болатын орындарда сақтаңыз.
- Жабдықты температурасы мен ылғалдылығы қалыпты (яғни шамамен 23°C және 65%) орындарда сақтаңыз.
- Байланыстырушы саңылауды қолданғаннан кейін жабдықтың ішіне бөгде материалдардың енуіне жол бермеу үшін қақпақша сияқты тиісті компоненттер көмегімен қорғаңыз.

■ Орнату

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Орнату сәтіне дейін қақпақты қосылатын саңылаудан алмаңыз: жабдықтың ішіне бөгде зат кіріп, ақаулыққа әкелуі мүмкін.
- БӨҚЖА компоненттерін ауа жабдықта көрсетілген бағытта өтетіндей етіп орнатыңыз, әйтпесе бұл клапанның дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.

■ Ауа көзі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Таза ауаны пайдаланыңыз. Құрамында химиялық заттар, органикалық еріткіштер негізіндегі синтетикалық май немесе қатты газ бар сығылған ауаны пайдаланбаңыз, әйтпесе бұл жабдықтың бұзылуына немесе істен шығуына әкелуі мүмкін.
- Ылғал мөлшері жоғары ауа үшін ауа кептіргішін немесе салқындатқышты пайдаланыңыз. Әйтпесе сығылған ауамен жұмыс істейтін құрылғыларда ақаулық туындауы мүмкін.

■ Ауа өткізгіш

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ауа өткізгішті монтаждау кезінде жоңқа және (немесе) бөгде заттарды шығару үшін ауаның жеткілікті көлемімен үрлеңіз.
- Ауа өткізгіштер үшін диаметрі клапанды басқаруға жеткілікті құбырды пайдаланыңыз. Құбыр қосылысына Loctite 577 герметигін немесе сол тәріздес затты қосылыстың соңындағы 1–1,5 бұранда орамдарына тигізбей жағыңыз. Тығыздағыш таспаны қолданғанда оны қосылыстың соңындағы 0,5–1 орамына қолданбаңыз. Әйтпесе таспаның кішкене бөлігі ішкі кеңістікті бітеп, бұл клапанның дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.

■ Техникалық қызмет көрсету

ЕСКЕРТУ

- Клапанды басқару жүйесінен оқшаулаңыз.
- Клапан, бақылағыш немесе кез келген басқа жабдық кенеттен жұмыс істеп кетпеуіне көз жеткізіңіз.
- Барлық жұмыс желілеріндегі ауа қысымын біртіндеп төмендетіңіз және жұмыс желілерін ауа толығымен шығарылғаннан кейін ғана ажыратыңыз. Жабдықтың күтпеген жерден іске қосылуы қызметкерлердің жарақаттануына немесе өліміне әкелуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ауыстыру үшін Masonite түпнұсқа қосалқы бөлшектерін пайдаланыңыз. Әйтпесе бұл дұрыс жұмыс істемеуіне және (немесе) сұйықтықтың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.

Мазмұны

1. Қысқаша сипаттамасы.....	1
2. Техникалық сипаттамалары.....	1
3. Монтаждау.....	1
4. Ретке келтіру	2
5. Техникалық қызмет көрсету	2
6. Қайта құрастыру.....	2

1. Қысқаша сипаттамасы

77-80Н ауа клапаны басқару клапаны мен үш жақты клапанның тіркесімінен тұрады және «қысым орнатылуын басқару» түріндегі жоғары өткізу қабілеттілігі бар клапан болып табылады.

Сонымен қатар «үш жақты клапандар» деп аталатын 00-80Н модельді клапандар бар. Бұл басқару клапаны алынып тасталған дәл 77-80Н моделі.

Егер бірнеше 77-80Н клапаны қажет болса, бір 77-80Н клапанын, ал қалған компоненттер ретінде 00-80Н клапандарын қолданыңыз және 77-80Н басқару клапанының қысым шығысын әр 00-80Н клапанының «SIG» (СИГНАЛ) портына қосыңыз. Осылайша құбыр өткізгіштер жүйесі жеңілдеуімен қатар, бір уақытта қосылу қамтамасыз етіледі.

2. Техникалық сипаттамалары

Жайғасым		Стандарт	Опция
Максималды жұмыстық қысым	Корпус	880 кПа	–
	Сигналы	1030 кПа	–
Қысымды орнату диапазоны		100–700 кПа	–
Гистерезис		<= 34 кПа	–
Cv мәні	IN → OUT (KIPIC → ШЫҒЫС)	4,56	–
	OUT → EXH. (ШЫҒЫС → ШЫҒАРУ)	4,25	–
Қосылу	IN, OUT, EXH. (KIPIC, ШЫҒЫС, ШЫҒАРУ) Порттар	Rc1/2	½ NPT
	СИГНАЛДЫҚ ПОРТ	Rc1/4	¼ NPT
Жұмыс температурасының диапазон		–30...+70 °C	–18...+100 °C (жоғары температура) –49...80 °C (төмен температура)
Корпус материалы		Алюминий қорытпасы	–

3. Монтаждау

Орнату алдында бүкіл ластаушы заттарды, қақты немесе өзге бөгде материалдарды жою үшін бүкіл желіні мұқият тазалаңыз.

Ауа клапан корпусының төменгі жағында «IN» (KIPIC) және «OUT» (ШЫҒЫС) белгілерімен көрсетілген бағытқа қарай өтетіндей етіп, ауа клапанын қосылыстарды барынша аз қолданып, мүмкіндігінше жетекке жақын орнатыңыз. Клапанның құрылымында «EXH» (ШЫҒАРУ) екі порты қарастырылған. Солардың бірін қолданыңыз, ал екіншісіне түтік бітегішін орнатыңыз. Егер клапан тиек түрінде қолданылуы қажет болса, екі саңылау да бітелуі тиіс.

Сигналдық қысымды құбыр желісі тікелей «SIG IN» (СИГНАЛДЫҚ KIPIC) ауа қысымы орнатылған қысымнан төмен немесе нөлге дейін түскен жағдайда ауа клапаны «IN» (KIPIC) жабатындай, сондай-ақ «OUT» (ШЫҒЫС) және «EXH» (ШЫҒАРУ) порттарын жалғайтындай етіп қосылуы тиіс.



Клапанды ауа қысымы 880 кПа шамасынан асатын жүйелерде қолданбаңыз.

Корпустың «IN» (KIPIC) жағына жақын сигналдық қысымды өлшемеңіз, өйткені ауа клапанының үлкен өткізу қабілеттілігіне байланысты бұл ауаның сигналдық қысымның өзгеруіне әкеледі, осылайша көрсеткіштердің ауытқуын тудырады.

4. Ретке келтіру

Әдетте ауа клапаны дайындаушы зауытта реттеледі және реттеуді қажет етпейді.

Егер қысымды орнатуды реттеу қажет болса:

- A) Ауа клапанының диапазонын (23) реттеу серіппесін босату үшін ретке келтіру бұрандасын (19) бұраңыз.
- B) Корпустың жабылуын және ашылуын тексеру үшін корпустағы «IN» (KIPIC) портына ауа беруді қосыңыз, содан кейін манометр мен қысым реттегішін «SIG IN» (СИГНАЛДЫҚ KIPIC) сигналдық құбыр желісінің портына қосыңыз.
- C) Манометрдегі «SIG IN» (СИГНАЛДЫҚ KIPIC) портына ауа беру қысымын бақылай отырып, қысымды қажетті мәнге орнату үшін ауа беруді қосыңыз және қысым реттегішін реттеңіз. Содан кейін ретке келтіру бұрандасын корпустағы OUT (ШЫҒЫС) портынан ауа шығысы тоқтағанша сағат тілі бағытымен бұраңыз. Осы кезде ауа клапанының IN кіріс порты жабық, ал «OUT» (ШЫҒЫС) және «ENX» (ШЫҒАРУ) порттары өзара жалғанған.
- D) Ретке келтіру бұрандасының қарсы сомынын (20) қатайтыңыз және ауа клапанының шығысы мен «OUT» портын жетекке және сигналдық қысым желісіне жеткізу желісіне қосыңыз.

5. Техникалық қызмет көрсету

Егер ауа клапаны тиісті түрде жұмыс істемей тұрса, келесі тексерісті орындаңыз:

- A) Ауа беруді өшіріңіз.
- B) Ретке келтіру бұрандасын бұрыңғы қалпына қайтарыңыз және серіппені босатыңыз.

Бөлшектеу тәртібі

Төрт бұраманы (25) алып тастаңыз және тығыздағыш сақинаны (15), датчик активаторының корпусын, қысым диапазонын реттеу серіппесін (23), серіппелі қысым пластинасын (17) және серіппелі корпусты (18) корпуста (1) алыңыз.

Датчик активаторының мембранасын (16) және басқару клапанын (6) гайканы (21) және басқару клапанының бекіткішін (7) сәйкесінше бұрап, корпуста (2) алуға болады.

Датчик активаторының корпусын бөлшектеу үшін алдымен төменгі қақпақты алыңыз (26), серіппені шығарыңыз (9), датчик активаторының бітеуіш астындағы сомынды (24) алып тастаңыз және серіппелі шайбаны (22) шығарыңыз, бекіткішті (5) және резеңке ендірмені (8) салыңыз.

Осыдан кейін піспекті (4) және резеңке ендірмені (8) бітеуішпен бірге шешу үшін бітеуішті (3) жоғары итеріңіз.

Тексеріс келесі түрде орындалуы тиіс:



Алдымен мембрананың (16) жарылмағанын және шеттері бұзылмағанын тексеріңіз. Басқару клапанының (6) ершігінде шаң және зақымдардың болмауын тексеріңіз. Сондай-ақ (13) және (14) тығыздағыш сақиналарын тексеріңіз. Қажет болса, барлық осы бөлшектерді жаңасына ауыстырыңыз. Клапанның корпусында тығыздағыш сақиналарды (10), (11), (12) және (15), сондай-ақ резеңке ендірмені (8) тексеріңіз. Қажет болса оларды жаңасына ауыстырыңыз.

Клапанының ершігі шаң болмауын тексеріңіз және оны тазартыңыз.

6. Қайта құрастыру



Бөлшектеу рәсімін кері тәртіппен орындаңыз. Қайта жинау алдында тығыздағыш сақиналарға силикон майлағышты жағыңыз. Жаңа төсемені (27) қолдануды ұмытпаңыз.

Masoneilan



КІПІСТЕГІ ҚЫСЫМ INLET PRESSURE	880 кПа арт. (125 psiG)
ОРАТУ ДИАПАЗОНЫ SET RANGE	35–700 кПа арт. (5–100 psiG)

№ No.	БӨЛШЕК АТАУЫ PART NAME	ЕСКЕРТПЕЛЕР REMARKS	№ No.	БӨЛШЕК АТАУЫ PART NAME	ЕСКЕРТПЕЛЕР REMARKS
1	КОРПУС BODY		15	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING	
2	БІТЕУІШ PLUG		16	ДАТЧИК АКТИВАТОРЫНЫҢ ДИАФРАГМАСЫ DIAPHRAGM S/A	
3	ПІСПЕК PISTON		17	СЕРІППЕҢІ БАСҚЫШ ТЫҒЫРЫҒЫ SPRING BUTTON	
4	ҚОЙЫЛАТЫН БЕКІТКІШ INSERT RETRAINER		18	СЕРІППЕҢІ КОРПУСЫ SPRING CASE	
5	РЕЗЕҢКЕ ЕНДІРМЕ RUBBER INSERT		19	РЕТКЕ КЕЛТІРУ БҰРАНДАСЫ ADJUSTING SCREW	
6	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING		20	ТОҚТАТҚЫШ СОМЫН LOCK NUT	
7	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING		21	СОМЫН NUT	
8	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING		22	СЕРІППЕЛІ ТЫҒЫРЫҚ SPRING WASHER	
9	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING		23	СЕРІППЕ SPRING	
10	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING		24	СОМЫН NUT	
11	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING		25	БҰРАМА SCREW	
12	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING		26	ТӨМЕНГІ ҚАҚПАҚ BOTTOM CAP	
13	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING		27	ТӨСЕМ SHIM	
Δ				#77-80H БҰРЫП АПАРАТЫН КЛАПАННЫҢ ҚИМАДАҒЫ СЫЗБАСЫ	
Δ				#77-80H TRANSFERT VALVE SECTIONAL DRAWING	
Δ					
РЕД. REV.	СИПАТТАМАСЫ DECSRIPTION	КҮНІ DATE	ОРЫНДАҒАН: BY	СЫЗБА № DRAWING No.	S-F7780H



КІРІСТЕГІ ҚЫСЫМ INLET PRESSURE	880 кПа арт. (125 psiG)
СИГНАЛДЫҚ ҚЫСЫМ SIGNAL PRESSURE	35–700 кПа арт. (5–100 psiG)


№ No.	БӨЛШЕК АТАУЫ PART NAME	ЕСКЕРТПЕЛЕР REMARKS	№ No.	БӨЛШЕК АТАУЫ PART NAME	ЕСКЕРТПЕЛЕР REMARKS
1	КОРПУС BODY		9	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING	
2	БІТЕУІШ PLUG		10	СЕРІППЕ SPRING	
3	ПІСПЕК PISTON		11	ТОҚТАТҚЫШ СОМЫН LOCK NUT	
4	ҚОЙЫЛАТЫН БЕКІТКІШ INSERT RETRAINER		12	СЕРІППЕЛІ ТЫҒЫРЫҚ SPRING WASHER	
5	РЕЗЕҢКЕ ЕНДІРМЕ RUBBER INSERT		13	ТӨМЕНГІ ҚАҚПАҚ BOTTOM CAP	
6	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING		14	ЖОҒАРҒЫ ҚАҚПАҚ HEAD CASE	
7	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING		15	БҰРАМА SCREW	
8	ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА "O" RING				
Δ				#77-80Н БҰРЫП АПАРАТЫН КЛАПАННЫҢ ҚИМАДАҒЫ СЫЗБАСЫ	
Δ				#00-80Н TRANSFERT VALVE SECTIONAL DRAWING	
Δ					
РЕД. REV.	СИПАТТАМАСЫ DESCRIPTION	КҮНІ DATE	ОРЫНДАҒАН: BY	СЫЗБА № DRAWING No.	S-F7780H

Ескертпелер

Ескертпелер

Өз өңіріңіздегі ең жақын сату серіктесін табыңыз:

valves.bakerhughes.com/contact-us



Техникалық қолдау және кепілдік:

Телефоны: +1-866-827-5378
valvesupport@bakerhughes.com

valves.bakerhughes.com

Авторлық құқық 2021 Baker Hughes Company. Барлық құқықтар қорғалған. Baker Hughes компаниясы осы ақпаратты жалпы таныстыру мақсатында «сол күйінде» шарттарында ұсынады. Baker Hughes компаниясы ақпараттың дәлдігі немесе толықтығы туралы ешқандай мәлімдеме жасамайды және қандай да бір түрдегі, нақты, болжамды немесе ауытша, заңмен толық рұқсат етілген, соның ішінде тауарлық күйі мен белгілі бір мақсатқа немесе пайдалануға жарамдылығына кепілдік бермейді. Baker Hughes компаниясы осы арқылы келісімшарт, деликт немесе өзге де себеп бойынша кінәрат-талап қойылғанына қарамастан, ақпаратты пайдаланудан туындайтын кез келген тікелей, жанама, кейінгі немесе арнайы залал, жоғалған пайда бойынша кінәрат-талап немесе үшінші тұлғалардың кінәрат-талабы үшін кез келген жауапкершіліктен бас тартады. Baker Hughes компаниясы кез келген уақытта алдын ала ескертусіз және міндеттемесіз осы құжатта ұсынылған техникалық сипаттамалар мен функцияларға өзгеріс енгізу немесе сипатталған өнімнің шығарылуын тоқтату құқығын өзіне қалдырады. Өзекті ақпарат алу үшін Baker Hughes компаниясындағы өкіліңізге хабарласыңыз. Baker Hughes және Masoneilan логотиптері — Baker Hughes компаниясының сауда белгілері / сауда белгісі. Осы құжатта пайдаланылатын компаниялардың басқа атаулары мен бұйымдардың атаулары тіркелген тауар белгілері немесе олардың тиісті иелерінің тауар белгілері болып табылады.

Baker Hughes 